

Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 мамыр N 560

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына 2001 жылғы 25 желтоқсандағы N 17/2002-НВ келісім-шарт бойынша қосымшаға сәйкес номенклатура және сан бойынша Хайдаркан сынап мемлекеттік акционерлік қоғамы (Қырғыз Республикасы, Баткен облысы, Хайдаркан кенті) үшін "Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы (Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы) беретін жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 23 мамырдағы

N 560 қаулысына

қосымша

2001 жылғы 25 желтоқсандағы N 17/2002-НВ келісім-шарты бойынша Хайдаркан сынап мемлекеттік акционерлік қоғамы (Қырғыз Республикасы, Баткен облысы, Хайдаркан кенті) үшін "Нитро-Взрыв" (Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы) ашық акционерлік қоғамы беретін тауарлардың саны

Р/с! N !	Тауардың атауы !	СЭҚ ТН коды! ! бірлігі !	Өлшем ! ! АҚШ !	Саны! ! доллары.	Бағасы ! ! долларымен !	Құны АҚШ ! ! мен
-------------	------------------	-----------------------------	--------------------	---------------------	----------------------------	---------------------

1	Диаметрі 32 мм пат. рондардағы 6ЖВ аммо. ниті	360200000	тонна	200	480,00	96000,00
2	ОША от өткізгіш бауы метр	360300100	мың	300	135,00	40500,00
3	КД-8 капсюл-тұтан. дырғышы	360300900	мың	200	124,00	24800,00
4	Электртұтандырғыштары дана	360300000	мың	50	865,00	43250,00
5	ДША тұтандырғыш бауы метр	360300100	мың	40	226,00	9040,00
6	ЗПБ оталдырғыш патрондары	360300900	мың	10	400,00	4000,00
7	ЭЗ-ОШ электр оталдырғышы	360300900	мың	10	540,00	5400,00
8	ВП-0,8 өндірістік жарғыш жұмыстарына арналған өткізгіш Жиыны	360300900	мың	20	52,00	1040,00
						230890,00

Жөнелту пункттері: Курья станциясы және Пашино станциясы (Ресей Федерациясы)

Соңғы баратын пункті: Жылы Арық станциясы (Қырғыз Республикасы)

Шекаралық өту пункттері: Тобол станциясы - Луговая станциясы, Локоть станциясы - Луговая станциясы.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК